«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

04.04.18. № 02-09/749

«ИНТЕГРИРОВАННЫЕ СИСТЕМЫ БЕЗОПАСНОСТИ» ЖК-не

471010000 Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы 14 ш/а, 45 үй 60 пәтер, тел +7(777) 599-99-90
isb-aktau@mail.ru

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент),* Сіздің «Маңғыстау облысы әкімдігінің Іс басқармасы» КММ-нің *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан №2227351-1 санды «Техникалық қауіпсіздік жүйесіне, автоматты өрт сөндіру жүйесіне, күзеттік өрт дабыл жүйесіне, бақылау мен рұқсатты басқару жүйесіне және қызметкерлерге мониторинг жасау мен визуалды талдау жүйесіне жөндеу мен қызмет көрсету қызметтерін» сатып алу бойынша электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 13.03.2018 жылғы №6980 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген уәждеріңіз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп нәтижесімен, Сіздің шағымыңзда көрсетілген мәселелер бойынша заң бұзышылық деректерінің орын алмағандығы назарыңызға беріледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі – Қағида)* 85-1-тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте Жабдықтаушыда Ақтау қаласында орналасқан тәулік бойы қызмет көрсететін құрамында растайтын құжаттармен кемінде 4 маманы бар авариялық-жедел қызмет және жылжымалы электротехникалық зертханасы болуы тиіс. *Ақтау қаласында диспетчерлік қызметтің байланыс деректерін растайтын (заңды мекен-жайы)* және *Ақтау*

қаласында орналасқан техникалық қауіпсіздік жүйелерін қамтамасыз ететін растайтын құжаттарымен кемінде 4 маман болуы болуы тиіс делінген талап қойылған.

Алайда, конкурсты ұйымдастырушы тарапынан конкурсқа қатысуға табыс еткен өтініміңізде, Ақтау қаласында диспетчерлік қызметтің байланыс деректерін растайтын (заңды мекен-жайы) растайтын құжатын ұсынбағанына байланысты жібермеуі негізді болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9-бабының 3-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынатыны көрсетілген.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасы *(бұдан әрі - Қағида)* 150-тармағының 1-тармақшасында, конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы айқындалған жағдайларда конкурсқа жіберілмейтіндігі көрсетілген.

Сондай-ақ, конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасының ескертпесінің 2 тармағында растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ұсынатыны көрсетілген.

Алайда, конкурсқа қатысуға жіберілген «ЭЛЕКТРОСПЕЦМОНТАЖ-Т» ЖШС-нің *Ақтау қаласында диспетчерлік қызметтің байланыс деректерін растайтын (заңды мекен-жайы)* растайтын құжатының жоқтығына қарамастан негізсіз конкурсқа қатысуға жібергені анықталды.

Анықталған заң бұзушылықтар бойынша конкурсты ұйымдастырушының мекен жайына камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданылды.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.
тел: 8 7292 31-90-92.